

1994 жылғы наурызда берілген N Ф-22-3/17 кепілдігімен әкелінген жүгерінің тұқымы үшін берешектерді өтеу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1997 жылғы 8 шілдедегі N 222

Югославияның "Прогресс" фирмасына "1994 жылғы көктемгі дала жұмыстарына әзірлік және оны ұйымшылдықпен өткізу жөніндегі шұғыл шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 9 наурыздағы N 252 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1994 жылғы наурызда берілген N Ф-22-3/17 кепілдігімен әкелінген жүгерінің тұқымы үшін берешектерді өтеу мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің, Қаржы министрлігінің және Мемлекеттік ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры Республикалық ведомствоаралық кеңесінің Мемлекеттік ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры қаражатының есебінен көрсетілген фирмаға 453 мың (төрт жүз елу үш мың) АҚШ долларына бара-бар сомада берешектерді өтеу туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Алматы облысының әкімі 1997 жылдың 1 желтоқсанына дейін мерзімде Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің қаражатты Мемлекеттік ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қорына қайтаруын қамтамасыз етсін.

3. Осы өкімнің атқарылуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жүктелсін.

Премьер - Министрдің

бірінші орынбасары